

Оқушылардың жеке іс-қағаздарының тексерілуі туралы анықтама

20 қазан 2025 жыл

Тексеру мақсаты: қатаң тәртіптегі құжат жеке іс қағаздарының сапалы, талапқа сай жүргізілуін бақылау.

Тексеріс критерийлері:

- Оқушылардың тізімі;
- Жеке іс парағы және ЖСН дұрыс болуы;
- Туу туралы куәлік көшірмесі;
- 3*4 фото сурет;
- Мектепке қабылдану туралы ата-ана өтініші;
- Сыныптар бойынша оқу үлгерімі туралы табель.

2025-2026 оқу жылы бойынша 5-11 сыныптарда барлығы 17 класс комплект. Барлық сыныптар бойынша сынып жетекшілер оқу жылының басында тағайындалып, оқушыларға 100% жеке іс-қағаздары жүргізіледі.

5а,ә,б сыныптарында оқушылардың жеке іс-қағаздары толық, балалардың аты-жөндері жазылған. Оқу үлгерімі туралы табельдері бар және қол қойылған. Алайда оқушылардың орта буынға ауысқан кейінгі фото суреттері ауыстырылмаған.

6а,ә,б сыныптарында оқушылардың жеке іс-қағаздары бар, балалардың аты-жөндері жазылған. Оқу үлгерімі туралы табельдері бар және қол қойылған. Оқушылардың орта буынға ауысқаннан кейінгі фото суреттері алмастырылған. 6Б сыныбында Еркен Есімжанның папкасында оқушының жеке іс қағазы парағы толтырылмаған. 6Б сыныбында Розымбаева Камила 1-4 сыныпта фото сурет пен орта буынға көшкеннен кейін басқа оқушының фото суреті жабыстырылған.

7а,ә,б сынып оқушыларының жеке іс-қағаздары толық бар және толтырылған. Оқушылардың фото суреттері алмастырылған. Үлгерім табельдері толық, қол қойылған. Алайда оқушылардың жеке іс-қағаздарының папкаларында реттілік сақталмаған. 7А сынып Жүсіп Аяулымның жеке іс қағазында оқушының 3x4 фото суреті салынбаған. 7Б сынып Елеусизова Аяулым 6-сынып оқушының үлгерім табелінде ата-ана қолы қойылмаған.

8а сынып Амангелді Әмірлан артық құжат оқушының алдыңғы мектебінен қалған жеке іс-қағаз парағы, Қайрат Даниал артық құжат оқушының алдыңғы мектебінен қалған жеке іс-қағаз парағы, Мағаз Тамерлан ата-анасының куәліктері артық құжат, Хасихан Лаззат оқушының фото суреті алмастырылмаған.

8ә сыныбы сынып тізімі ескі, Сарсембаев Муслим фото суретінің форматы дұрыс емес, Зәкір Жания артық құжат оқушының алдыңғы мектебінен қалған жеке іс-қағаз парағы салынған.

8б сынып тізімі салынған барлық оқушының жеке іс-қағазы бар. Айтжанов Арман 7-сынып оқушының үлгерім табелінде ата-анасының қолы қойылмаған. Баттал Алан оқушының үлгерім табелі 2-3 сыныптар үшін ата-анасының қолы қойылмаған.

9а жалпы сынып бойынша оқушылардың 9-сынып үшін фото суреттері алмастырылмаған. Амангелді Әдия оқушының табельдерінде реттілік байқалмайды. Асықбай Ерсұлтан 8-сынып оқушының үлгерім табелінде ата-анасының қолы қойылмаған. Ахтанбердиев Амангелді артық құжат оқушының алдыңғы мектебінен қалған жеке іс-қағаз парағы салынған, Жарылгасынова Дина оқушының табельдерінде реттілік сақталмаған.

9ә сынып оқушылардың жеке іс-қағаздары толық бар. Оқушылардың 9-сынып үшін фото суреттері жаңартылмаған. Бухаров Бектур оқушының үлгерім табелінде реттілік сақталмаған, Сүлейменова Камила оқушының үлгерім табелінде реттілік сақталмаған, Бекмұхамбет Нұрдаулет, Қабжан Саммида, Икрамбек Ақерке оқушылардың алдыңғы мектебінен қалған жеке іс-қағаз парағы салынған.

10а сынып оқушылардың жеке іс-қағаздары толық бар. 10 сыныпқа құжат тапсыру кезіндегі барлық құжат сақталған. Оқушы Сайлаубай Фаризаның фото суреті және аттестаты жоқ.

11а сынып Асқарбек Айлана, Баделхан Нұрдана, Кабдешова Аяжан, Бота Айсұлу осы оқушылардың 10 сыныпта мақтау қағазымен марапатталғаны туралы жазба жазылмаған. Досанұлы Рамазан құжаттарын салуда реттілік сақталмаған. Сүндет Илияс соңғы беті толтырылмаған.

11ә Абжан Фатима, Сарсембаева Даяна, Бейсенбай Перизат осы оқушылардың 10 сыныпта мақтау қағазымен марапатталғаны туралы жазба жазылмаған. Мектептен шығып кеткен оқушы Турсунбай Асқардың жеке іс-қағазы папкаға салынған.

2025–2026 оқу жылы бойынша 5–11 сыныптардың оқушыларының жеке іс-қағаздары тексеріліп, жалпы жағдайы қанағаттанарлық екені анықталды. 5-11 сынып бойынша 17 сынып комплектінде сынып жетекшілері тағайындалып, оқушылардың жеке іс қағаздары 100% жүргізілген. Көпшілік сыныптарда негізгі құжаттар (оқушының жеке іс парағы, туу туралы куәлік көшірмесі, фото сурет, ата-ана өтініші, үлгерім табелі) бар және толтырылған.

Сонымен қатар тексеріс барысында бірқатар кемшіліктер анықталды:

- Кейбір сыныптарда оқушылардың 3×4 фото суреттері уақытылы жаңартылмаған немесе мүлде салынбаған;
- Жекелеген оқушылардың жеке іс парақтары толық толтырылмаған;
- Кейбір үлгерім табельдерінде ата-аналардың қолы қойылмаған;
- Бірқатар папкаларда құжаттардың орналасу реттілігі сақталмаған;
- Кейбір оқушылардың папкаларында артық құжаттар сақталған;
- Жекелеген оқушылардың марапаттары немесе оқу жетістіктері туралы жазбалар енгізілмеген;
- Кейбір сыныптарда сынып тізімі ескірген немесе құжаттар толық жаңартылмаған.

Жалпы алғанда, жеке іс қағаздары жүргізіледі, бірақ құжаттарды рәсімдеу мен жаңарту барысында талаптардың толық сақталмауы байқалады.

Ұсыныс

1. Сынып жетекшілеріне оқушылардың жеке іс қағаздарын нормативтік талаптарға сай қайта қарап, құжаттардың реттілігін біріздендіру тапсырылсын.
2. Фото суреттері ескірген немесе жоқ оқушылардың 3×4 форматтағы жаңа фотосуреттері жаңартылсын.
3. Толтырылмаған жеке іс парақтары толық әрі дұрыс толтырылсын.
4. Үлгерім табельдерінде ата-аналардың қолы қойылмаған жағдайлар түзетіліп, толық рәсімделсін.
5. Оқушының жеке іс папкаларынан артық немесе қажетсіз құжаттар алынып тасталсын.
6. Оқушылардың оқу жетістіктері, марапаттары және сынып бойынша өзгерістер жеке іс қағаздарында уақытылы тіркелсін.
7. Сынып жетекшілеріне жеке іс қағаздарын жүргізу бойынша қосымша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Оқу ісі орынбасары

 Г.М.Джалгасов